

## Алғы сөз

Кітап төртінші рет басылып шықса, сұранысқа ие болғаны ғой. «Әлеуметтік жұмыс: контексті мен практикасы» да сондай кітап. Бұл тақырып сәл іш пыстырарлықтай көрінсе, «Әлеуметтік көмек» деген тақырыпты таңдап алуыңызға да рұқсат. Өйткені бұл еңбек сізге көмек қажет кезде жаныңыздан табылатын дос іспетті. Практик мамандар мен студенттер өздерін алаңдата-тын сұрақтарға жауап іздеп, осы кітапты жанынан тастамай алып жүретініне сенімім мол. «Мәдени біліктілік» концептісін қабылдау қиын болғанымен, мәдениетаралық қызметті басқаша қалай атауға болатынын білмей отырсыз ба? Ендеше мәдени әртүрліліктің күрделі мәселелері мен мәдени контекстің трансформациялық ерекшеліктері туралы зерттеп білу үшін Шарлотта Уильямс жазған «Мәдениетаралық тәжірибені қайта жаңғырту» деп аталатын бөлімді оқуға кеңес береміз. Сондай-ақ Стефани Гилберттің «Аборигендер мәселесі мен практикасы», Леланд Рувидың «Аотеароа – Жаңа Зеландиядағы байырғы халықтар проблемаларына шолу», Ивонна Крайтон-Хиллдің «Пасификадағы әлеуметтік жұмыс» тақырыптары да біліміңіздің жетіле түсуіне септігін тигізері анық. Әлеуметтік жұмыстың мәдени аспектілері, билікпен қарым-қатынас, отаршылдық тарихы мен Австралия мен Аотеароа – Жаңа Зеландияның байырғы халқына қатысты жүргізілген әлеуметтік жұмысты бұл кітаптың артықшылығы деуге болады. Осы және алдыңғы басылымдарда кітап редакторлары Мэри Коннолли, Луиза Хармс пен Джейн Мэйдменттің транс-тасманиялық көзқарастары оқырман үшін ерекше қызық болатынына сенімдіміз.

Кітаптың тағы бір артықшылығы – әлеуметтік жұмысқа қажетті білім де сыни тұрғыдан қарастырылады. Алайда онда қызметкердің не істеу керегі тәптіштеп көрсетілмеген. Әлеуметтік қызметкерлердің жеке білімі теориялық білім, зерттеуге негізделген білім, ұйымдастыра білу қабілеті сияқты көптеген білім түріне сүйенетіні белгілі, алайда кітап редакторлары мұндай білім түрлері кейде бір-біріне қайшы келуі мүмкін деп есептейді. Сондықтан дағдымен және практикамен ұштастырған жағдайда ғана олар жақсы нәтиже бермек. Билік пен оның эмансипаторлық көзқарасына ұдайы сыни талдау жасалынады; бұл жай ғана шолу емес, дүниежүзі халқымен қарым-қатынас орнату. Демек, практикалық контекстердің өзгеріп отыруы туралы сөз қозғамақпыз. Бұл пікір өте маңызды, өйткені әлеуметтік жұмыс контексті оқиға орны ғана әрекет алаңы екенін де есте ұстайық.

Бұл мәселе әлеуметтік жұмыс контексінің күн санап өзгеруіне байланысты бұрынғыдан да маңызды сипатқа ие болып келеді. Дүниежүзіндегі жаппай миграцияға куә болып отырмыз, ал Австралия, Біріккен Корольдік және Америка Құрама Штаттары сияқты мемлекеттер ұлтшылдық көзқарастан

арылған жоқ. Сириядағы соғыстың кесірінен бес миллиондай адам инфрақұрылымы шектеулі көрші Таяу Шығыс елдеріне қашып, бас сауғалап жатыр, ал БҰҰ мен халықаралық қолдау көрсету ұйымдарының ресурстары күн санап азайып келеді. Австралия мен Аотеоаро – Жаңа Зеландияның байырғы халықтарының балалары қылмыстық сот істері жүйесі мен балаларды қорғау ұйымдарына әлі де көптеп түседі. Ауа райы, сондай-ақ қоршаған ортада болып жатқан табиғи апаттар қоғамдағы маргиналдарға ауыр соққы. Джей Марлоу мен Линда Брискман және тағы басқа авторлардың пікіріне сенсек, әлеуметтік жұмыс саласындағы адам құқығы мәселесі ел ішінде де, халықаралық деңгейде де әлі де өзекті күйінде қалып отыр. Олай болса, жаһандану мен неолиберализмнің байырғы халыққа тигізер әсерін көре тұра жол тауып жүрген әлеуметтік қызметкер ретінде біз кең тараған қате түсініктерге қарсы тұра білуіміз керек. Ағынға қарсы жүзіп, орынсыз сұрақтар қоюға және қарсы уәж айта білуге дайын болайық. Бұл кітап авторларының ұдайы айналысып келе жатқан жұмыстарының бір парасы: оған денсаулық сақтау саласында тәуекелді басқару жүйесі сапасының сын көтермейтінін ашып айтып, мүгедектік мәселесін көтергеніміз, кедей отбасылардың балаларын қорғау жүйесінің кемшіліктерін сынға алғанымыз, балалар мен әйелдердің саулығы және тұрмыстық, отбасылық зорлық-зомбылыққа жауапты ер адамдар мәселесін қаймықпай айтып келе жатқанымыз куә.

Әлеуметтік қызметкерлердің атқарар ісі өте көп, ал біздің біліміміз бен тәжірибеміз мәдениет және тарихпен тығыз байланысты. Біз – адамдарды қорлап, шеттетіп, құқығын аяққа таптап отырған уақыт пен жүйенің ажырамас бөлшегіміз. Соған қарамастан, жоғарыда айтып өткенімдей, қол қусырып отырған жоқпыз: күресеміз, сұрақ қоямыз, қарсы шығамыз және басқалардың құқығын қорғаймыз. Бұл әлеуметтік қызметкерлердің шаруасы ғана емес, бізді жақтаушылар барлық қауымдастықтарда, түрлі мамандық иелерінің арасында, тіпті үкіметте де бар. Әлеуметтік жұмыстың басқалардан қандай айырмашылығы бар? «Әлеуметтік жұмыстың өнері мен ілімі» деп аталатын тарауда Луиза Хармс пен Джейн Мэйдмент осы сұраққа жауап беруге тырысады және әлеуметтік жұмыс теориясының әлеуметтік теория аясына сыймайтынын дәлелдейді. Олар әлеуметтік жұмыстың төрт қырын атап көрсетеді: қарым-қатынас, әлеуметтік әділдік, рефлексивтілік және өзгеріс. Қарт адамдармен жүргізген жұмысыма сүйене отырып, эмоциялық ерекшелікті де осы тізімге қосқым келеді. Бұл кітаптың ерекшелігі де осыда. Қолыңыздағы кітап ойлауға және жаңа идеяларға жол ашып, оларды өмірдің түрлі саласында қолдануға мүмкіндік береді.

Марк Хьюз,  
Әлеуметтік жұмыс пәнінің профессоры,  
Оңтүстік Крест университеті